

**2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 Қаулысы (үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. М ы н а л а р д ы ң :

265, 266, 267, 268, 269, 270, 271, 272, 273, 274, 275, 276, 277, 278, 279, 280, 281, 282, 283, 284, 285, 286, 287, 288, 289, 290, 291, 292, 293, 294, 295, 296, 297, 298, 299, 300, 301, 302, 303-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің;

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына

265-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**

**"Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету"**

**деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны : 1449395 мың теңге (бір миллиард төрт жүз қырық тоғыз миллион үш жүз тоқсан бес мың теңге) .

Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Мемлекеттік органдардың қызметтік телефондары мен аппаратын

орналастыру үшін аудан нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 қазандағы N 1217 қаулысы ; "Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша жылуға, ыстық және суық суға және басқа да коммуналдық қызметтерге электр қуатын, жылуды тұтынудың нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын көлікпен қамтамасыз ету үшін қызметтік жеңіл автокөліктерді пайдалануды реттеу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 қаулысы ; "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетуге арналған арнайы көлік құралдарын пайдалануды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 ақпандағы N 288 қаулысы ; "Мемлекеттік бюджетінің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысы ; " Медициналық және дәрігерлік қызметті лицензиялау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 маусымдағы N 767 қаулысы ; " Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шетелдік іссапарларға валюталық қаражаттың жұмсалуды реттеу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 ақпандағы N 148 қаулысы ; " Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2006-2007 жылдарға арналған перспективалық жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 тамыздағы N 824 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1117 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1124 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1125 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметтің сапасын бақылау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1327 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : денсаулық сақтауды дамыту мен оны іске асырудың мемлекеттік саясатын қалыптастыруды қамтамасыз ету; денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру; жүктелген функциялардың барынша тиімді орындалуына қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

министрлігінің орталық аппараты мен оның аумақтық бөлімшелерінің іс-қызметін қамтамасыз ету; халықтың қауіпсіз, қолжетімді, сапалы медициналық және дәрілік көмек алуын және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету; ұсынылатын біліктілік талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби білімдері мен дағдыларын жаңарту және тереңдету; денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру; салауатты өмір салтын насихаттау; бәсекелес ортаны дамыту, мемлекеттік медицинаны монополиясыздандыру; жедел және стратегиялық шешімдерді қабылдаудың сапасын жақсарту мақсатында ақпараттық шағын жүйелердің жұмысын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің материалдық-техникалық базасын нығайту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің орталық аппараты мен оның аумақтық бөлімшелерін ұстау; мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру; медициналық қызметтер көрсетудің сапасын бақылау; тәуелсіз сараптамалар институтын дамыту; біліктілік санаттарын беру жүйесі мен кәсіптік құзыреттікке аттестаттау жүйесін жетілдіру; қолданыстағы заңнамаға сәйкес лицензиялауды жүргізу; дәрілік заттар мен фармацевтикалық қызметтердің сапасын, тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыру; көліктегі бақылаудағы объекттерді мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды қамтамасыз ету, жұқпалы және паразиттік аурулардың әкелінуі мен таралуынан шекараны санитарлық қорғау; азаматтардың өтініштерін қарау; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау жүйесінің есептеуіш техникасының, локальды есептеуіш желілерінің жүйелік және техникалық қызмет көрсетуін қамтамасыз ету, Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының Еуропа өңірлік бюросымен (бұдан әрі - ДДҰ ЕӨБ) және басқа да халықаралық ұйымдармен ақпараттық байланысты және ақпарат алмасуды қолдау; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің аумақтық органдарының ғимараттары мен үй-жайларын күрделі жөндеу жүргізу, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен оның аумақтық органдарын негізгі құралдармен қ а м т а м а с ы з е т у .

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	001		Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның			

		қызметін қамтамасыз ету		
2	001	Орталық органның аппараты	<p>Орталық аппаратты бекітілген штат саны лимитінің шегінде ұстау. Бекітілген тиістілік лимитіне сәйкес мемлекеттік органның басшылары мен қызметкерлері үшін қызметтік автомашинаны ұстау және жалға алу. 2006 жылы алынатынын ескере отырып ұйымдастыру техникасын ұстау. Спорттық-сауықтыру шараларын өткізу. Мыналар бойынша қызметтерге ақы төлеу: халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету үшін санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды әзірлеуге; Қазақстан Республикасының мемлекеттік фармакопеясын құруға; GMP, GLP, GPP, GDP, GSP халықаралық бағдарламалары негізінде салалық сапа стандарттарын әзірлеу; денсаулық сақтауды басқаруды жетілдіру жөніндегі нормативтік-құқықтық кесімдерді әзірлеуге; медициналық білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын әзірлеуге; Денсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының компоненттерін іске асырудың мониторингі мен бағалау жүйесін</p>	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
				Жыл бойы

			<p>енгізу ;  диагнозы қойылатын аурулардың тізбесін кеңейту үшін диагностика мен аурулардың стандарттарын (хаттамаларын) әзірлеу және жетілдіру; республикалық деңгейде халықтың салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі іс-шараларды жүргізу.  Қолданыстағы заңнамаға сәйкес лицензиялауды жүргізу. Қазақстан Республикасының өңірлеріне арнайы байланыс арқылы лицензиялық материалдар мен сертификаттарды жіберу (айына 2 рет). Шарт негізінде заңгерлер т а р т у .  Бланк өнімдерін, оның ішінде 20-У нысанды лицензиялардың бланкілері, куәліктер мен сертификаттарды дайындау бойынша қызметтерге ақы төлеу.  Техникалық қызмет көрсететін және мемлекеттік органның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын қызметкерлерге қызметтеріне ақы төлеу.</p>	министрлігі
3	002	Аумақтық органдардың аппараттары	<p>Бекітілген штат санының лимиті шегінде аумақтық органдарды ұстау, қызметтік машина мен арнайы автокөлік ұстау. Медициналық қызметтің тәуелсіз сараптамасын жүргізу. 2006 жылы алынатындарын ескере отырып, ұйымдастыру техникасын ұстау.</p>	Жыл бойы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
			<p>Біліктілікті арттырудың жоспарына Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау бекітілген сәйкес Республикасы сақтау</p>	

4	007	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	министрлігінің орталық аппараты мен аумақтық органдарының мемлекеттік қызметшілерінің мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау, фармация және медициналық қызметтің сапасын бақылау мәселелері бойынша біліктілігін арттыру, мемлекеттік және ағылшын тіліне оқыту. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік органның мамандарын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде шетелде оқыту.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
5	008	Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары мен құрылыстарын күрделі жөндеу	Бекітілген жобалық-сметалық құжатамаларға және Мемлекеттік сараптама қорытындысына сәйкес Көліктегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау бас қармасының ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу жөніндегі қызметтерге ақы төлеу.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
6	009	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен оның аумақтық органдарын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес негізгі құралдармен жарақтандыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
		Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, оның аумақтық органдары мен денсаулық сақтаудың ведомстволық бағыныстағы ұйымдар үшін бағдарламалық және өнімдер, шығыс және жинақтаушы материалдар сатып алу. Денсаулық		Қазақстан Республикасы

7	017	мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету	сақтау қызметін ететін жүйелер мен кешендерін жөніндегі төлеу. Есептеуіш техника құралдары мен желілердің жүйелік - техникалық қызмет көрсеткені үшін ақы төлеу. Телекоммуникациялық қызметтерге ақы төлеу.	жүйесінің қамтамасыз ақпараттық бағдарламалық өнімдер сүйемелдеу қызметтерге	Жыл бойы	Денсаулық сақтау министрлігі
---	-----	---	---	--	----------	------------------------------

**Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен .**

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :** Тікелей нәтиже: орталық аппарат пен оның аумақтық органдарын бекітілген штат саны лимиті шегінде ұстау; мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық міндеттерін орындау үшін кәсіби білімдері мен дағдыларын тереңдету; бақылаудағы объектілердің санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен гигиеналық нормаларға сәйкестігін бақылау; лицензиялау жүйесін жетілдіру; медициналық көмектің сапасын дәйектілікпен жақсарту; дәрілік заттар мен көрсетілетін фармацевтикалық қызметтің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру; пайдаланушылардың күтулеріне денсаулық сақтау жүйесінің қайырымдылығын арттыру; деректерді жинаудың, жедел тапсырмаларды өндеудің орташа уақыты және талдау ақпараттық анықтамаларды берудің мерзімдерін қысқарту, облыстардан түскен статистикалық есептерді (жылдық есеп 18 күнге дейін; тоқсандық - 3 күнге дейін) қабылдау мерзімін азайту; орта есеппен 100 қызметшінің біліктілігін арттыру; орта есеппен 100 қызметшіні мемлекеттік және ағылшын тілдеріне оқыту; көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау бас басқармасының ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігін және оның аумақтық органдарын негізгі құралдармен, шығыс материалдарымен және басқа да жабдықтармен қамтамасыз ету; ақпараттық жүйеге ілеспелік және техникалық қызмет көрсету. Түпкілікті нәтиже: денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік орган мен оның аумақтық органдарына жүктелген функцияларды орындау үшін жұмыс істеуін қамтамасыз ету .

Қаржы-экономикалық нәтиже: орталық аппараттың бір мемлекеттік қызметшісін ұстауға жұмсалатын орташа шығын - 1107,4 мың теңге; бір нормативтік-құқықтық кесімді әзірлеуге орта есеппен жұмсалатын шығын - 10522,4 мың теңге; салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі бір іс-шараны орындауға орта есеппен жұмсалатын шығын - 124,0 мың теңге; бір штаттан тыс қызметшіні бір жыл ұстауға орта есеппен жұмсалатын шығын - 234,0 мың теңге; аумақтық органның бір мемлекеттік қызметшісін ұстауға орта есеппен жұмсалатын шығын - 835,4 мың теңге; бір

қызметшінің ел ішінде біліктілігін арттыруға орта есеппен жұмсалатын шығын - 14,9 мың теңге; бір қызметшінің шетелде біліктілігін арттыруға орта есеппен жұмсалатын шығын - 2114,2 мың теңге;

мемлекеттік және ағылшын тілінде оқытуға орта есеппен жұмсалатын шығын - 16,5 мың теңге; орталық орган мен оның аумақтық бөлімшелерін жарақтандыруға бір қызметкерге есептегендегі орта есеппен жұмсалатын шығын - 11,5 мың теңге; ақпараттық жүйелерге ілеспе жасауға орта есеппен жұмсалатын шығын - 1 662,9 мың теңге;

есептеуіш техника құралдары мен жүйелерге жүйелік-техникалық қызмет көрсетуге бір есептеуіш техника құралы бірлігіне есептегендегі орта есеппен жұмсалатын шығын - 88,7 мың теңге; бекітілген жобалық-сметалық құжаттарға және техникалық сараптамаға сәйкес Көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау бас басқармасының ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу. Сапасы: денсаулық сақтау жүйесін басқару деңгейін көтеру; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен оның аумақтық органдарына жүктелген функцияларды сапалы және уақтылы орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 13 желтоқсандағы

N 12 қаулысына

266-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Орта кәсіптік білімді мамандар даярлау"

деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

**1. Құны :** 153557 мың теңге (бір жүз елу үш миллион бес жүз елу жеті мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі :** "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 4, 8, 24, 35, 43-баптары ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 3, 7, 18, 48-баптары ; "Қазақстан Республикасындағы жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңының 6-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Жастар арасында орта және жоғары кәсіптік оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитындар үшін өтемақы төлеу арқылы жеңілдікпен жол жүру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 шілдедегі N 736 қаулысы .



**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : денсаулық сақтау саласын орта медициналық және фармацевтикалық білімі бар білікті мамандармен қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес орта медициналық және фармацевтикалық білімді мамандарды д а я р л а у д ы қ а м т а м а с ы з е т у .

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	002		Орта кәсіптік білімді мамандар даярлау	Мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес республикалық медициналық білім беру ұйымдарында орта кәсіптік білімді мамандарды даярлау. Мемлекеттік медициналық білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеу тәртібі туралы Ережеге сәйкес білім алушыларға мемлекеттік стипендия төлеу арқылы және қысқы және каникул кезінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларға жол жүруге ақшалай өтемақы төлеу үшін орта кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орындайтын білім беру ұйымдарына трансферттер аудару арқылы оқушыларды олардың орта кәсіптік	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

			білім алу кезінде әлеуметтік қолдау. Орташа жылдық контингент - 899.	минис- трлігі
--	--	--	---	------------------

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқушыларды оқуға қабылдау - 400 адам, стипендиаттардың орташа жылдық контингентіне мемлекеттік стипендиялар төлеу - 629, стипендиямен қамтамасыз ету - білім алушылардың 70 пайызы. Түпкілікті нәтиже: денсаулық сақтау ұйымдарын орта медициналық және фармацевтикалық білімі бар білікті мамандармен қамтамасыз ету. Қаржы-экономикалық нәтиже: мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 1 білім алушыны даярлауға жұмсалатын орташа шығын мөлшері - жылына 167300 теңге. Бір оқушының айлық стипендиясының мөлшері 5147 теңге. Қысқы және жазғы каникул кезінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларға жол жүруге 2 АЕК мөлшерде ақшалай өтемақы төлеу. Уақтылығы: денсаулық сақтау саласында орта медициналық және фармацевтикалық білімі бар білікті мамандардың күтілетін бітірушілер саны кемінде 285 адам. Сапасы: медицина колледжін үздік бітірген, орта кәсіптік білімді бітірушілердің күтілетін үлесі бітірушілердің жалпы санының 16 пайызы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 13 желтоқсандағы

№ 12 қаулысына

267-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**

**"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі**

**кәсіптік білімді мамандар даярлау"**

**деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның**

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 4383580 мың теңге (төрт миллиард үш жүз сексен үш миллион бес жүз сексен мың теңге) .

**Ескерту.** 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. № 4706 қаулысымен .

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 5-бабы , "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 3 , 25, 26, 27, 43

және 44-баптары ; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 26-бабы ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 7 , 48-баптары ; "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 маусымдағы Заңының 6-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің " Жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы" 2001 жылғы 5 шілдедегі N 648 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1134 қаулысы ; "Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша жоғары оқу орындарының студенттерін (курсанттарын) әскери даярлау, жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралар туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 қазандағы N 1094 қаулысы ; "Мемлекеттік білім беру гранты туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 қарашадағы N 1781 қаулысы ; "Мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 қаулысы ; "Ерекше мәртебесі бар оқу орындары жөніндегі типтік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 5 қарашадағы N 1398 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы ; "Мемлекеттік атаулы стипендияларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 ақпандағы N 125 қаулысы ; "Жастар арасында орта және жоғары кәсіптік оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитындар үшін өтемақы төлеу арқылы жеңілдікпен жол жүру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 шілдедегі N 736 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері :** республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты :** денсаулық сақтау саласын жоғары медициналық және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білімі бар жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету .

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :** денсаулық сақтау саласының білікті кадрларын даярлауды қамтамасыз ету, жоғары оқу орындарының студенттерін медициналық мамандықтар бойынша запастағы офицерлер бағдарламасымен әскери

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асы жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	003		Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлау			
2		100	Мемлекеттік білім беру гранты бойынша мамандар даярлау	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес жоғары кәсіптік білім беру бағдарламасы бойынша студенттер мен интерндерді даярлау. Оқу процесін ұйымдастыру үшін материалдық-техникалық жағдай жасау. С.Ж. Аспендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің оқытушы-профессорлар құрамы мен басшы қызметкерлерінің белгіленген жалақыларына коэффициенттерді көбейтетін ақы төлеуге байланысты шығыстарды субсидиялау. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша студенттер мен интерндердің орташа жылдық контингенті - 10919.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
			Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау	Медициналық ЖОО-оқу		

3	101	министр-лігі жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында запастағы офицерлер даярлау	жоспарына запастағы бағдарламасы студенттерді даярлауды асыру; офицерлердің жылдық контингенті - 1450. сәйкес офицерлер бойынша әскери жүзеге Запастағы орташа контингенті -	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
4	102	Жоғары оқу орындарының студенттерін стипендиямен қамтамасыз ету	Мемлекеттік медициналық білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендиялар тағайындау мен төлеу тәртібі туралы ережеге және Қазақстан Республикасы Президенті белгілеген стипендияларды тағайындау ережесіне сәйкес студенттер мен интерндерге мемлекеттік стипендия төлеу арқылы оларды жоғары кәсіптік білім алу кезінде әлеуметтік қолдау. Студенттер мен интерндердің орташа жылдық контингентіне мемлекеттік стипендия төлеу - 9365.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
5	103	Ғылыми кадрлар даярлау	Медицинаның өзекті мәселелері жөніндегі жеке ғылыми зерттеулерді әзірлеу және оларды жоғары оқу орындарында және ғылыми ұйымдарда докторлық, кандидаттық және магистрлік диссертация түрінде ресімдеу, ғылыми зерттеулерді жүргізудің әдіснамасын меңгеру, жоғары оқу орындарында және ғылыми ұйымдарда тереңдетілген медициналық білім алу, ғылыми кадрларды даярлау процесін қамтамасыз ету. Орташа жылдық саны: докторанттар - 96, аспиранттар - 194, клиникалық ординаторлар - 180, денсаулық сақтау магистранттары - 67.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

6	104	Ғылыми кадрларды стипендиямен қамтамасыз ету	Мемлекеттік медициналық білім беру ұйымдарында оқытындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендиялар тағайындау мен төлеу тәртібі туралы ережеге сәйкес мемлекеттік стипендия төлеу арқылы 96 докторанттың, 194 аспиранттың, 180 клиникалық ординатордың және 67 денсаулық сақтау магистрантының орташа жылдық контингентін әлеуметтік қолдау.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
7	105	Мемлекеттік жоғары оқу орындарын күрделі жөндеу	Күрделі трансферттер аудару арқылы оқытудың сапасын көтеру бойынша жағдай жасау мақсатында мемлекеттік медициналық жоғары оқу орындары ғимараттарының техникалық жағдайын жақсарту үшін мемлекеттік сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес ғимараттары мен құрылыстарын күрделі жөндеу үшін С.Ж.Аспендияров атындағы ұлттық медицина университетіне, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясына, Семей мемлекеттік медицина академиясына, Мәрат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясына, Қарағанды мемлекеттік медицина академиясына, Алматы мемлекеттік дәрігерлердің білімін жетілдіру институтына, Қазақ мемлекеттік медицина академиясына күрделі трансферттер аудару.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
		Студенттердің	1999 жылға дейін мемлекеттік тапсырыс бойынша жоғары оқу орнына түскен студенттер мен интерндерді мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес даярлау.		Қазақстан Республикасы

8	106	жоғары оқу орындарында оқуды аяқтауы	Оқу процесі үшін материалдық - техникалық жағдай жасау. 1999 жылға дейін мемлекеттік тапсырыс бойынша жоғары оқу орнына түскен студенттер мен интерндердің орташа жылды контингенті -46.	Жыл бойы	Денсаулық сақтау министрлігі
9	107	Жоғары оқу орындарында оқу аяқтайтын студенттерді стипендиямен қамтамасыз ету	Мемлекеттік медициналық білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендиялар тағайындау мен төлеу тәртібі туралы ережеге сәйкес 1999 жылға дейін мемлекеттік тапсырыс бойынша жоғары оқу орнына түскен студенттер мен интерндерге мемлекеттік стипендия төлеу арқылы студенттер мен интерндерді олардың жоғары кәсіптік білім алуы кезінде әлеуметтік қолдау. 1999 жылға дейін мемлекеттік тапсырыс бойынша жоғары оқу орнына түскен студенттер мен интерндердің орташа жылдық контингентіне мемлекеттік стипендия төлеу - 41.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
10	108	Кәсіптік жоғары оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқып жатқандар арасынан жастардың жол жүруіне өтемақы төлеу	Жоғары оқу орындарына мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитындардың жазғы және қысқы каникул кезінде жыл басына бітірушілердің санынсыз - 9477, бітірушілердің - 1181 студенттер контингентінің жолақысына ақшалай өтемақы төлеу үшін жоғары оқу орындарына трансферттерді аудару арқылы азаматтарды жоғары кәсіптік білім алу кезінде әлеуметтік қолдау.	1, 2 тоқсан	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

11	109	Мемлекеттік медициналық жоғары оқу орындарының жанынан оқу-клиникалық орталықтар құру	Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік академиясы мен Семей мемлекеттік академиясының оқу-клиникалық орталықтарын ашу үшін емдеу-диагностикалық жабдықтар сатып алу	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
----	-----	---	---	----------	---

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.

### 7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тікелей нәтиже: студенттерді мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылдау - 3500; медициналық жоғары оқу орындарының әскери кафедраларына запастағы офицерлерді қабылдау - 600; докторанттар - 33, аспиранттар - 63, клиникалық ординаторлар - 90, денсаулық сақтау магистранттары - 50; 1-курс студенттерін стипендиямен қамтамасыз ету - (жаңа қабылдау) - 100 пайыз, оқуды жалғастырушылар орта есеппен - 75 пайыз және интерндер - 90 пайыз. Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясы мен Семей мемлекеттік медицина академиясының жанындағы оқу-клиникалық орталықтары үшін 179 бірлік медициналық жабдық сатып алу.

Түпкілікті нәтиже: денсаулық сақтау ұйымдарын білікті кадрлармен қамтамасыз ету. Қаржы-экономикалық нәтиже: мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын 1 білім алушыны даярлауға жұмсалатын орташа шығын - жылына 191200 теңге; запастағы офицерді даярлауға - жылына 16075 теңге; докторантты даярлауға - жылына 46261 теңге; аспирантты даярлауға - жылына 104000 теңге, клиникалық ординаторды даярлауға - жылына 109100 теңге, магистрантты даярлауға - жылына 135000 теңге. Айлық стипендия мөлшері: бір студент - 6434 теңге; бір интерн - 11652; Президенттік - 12868 теңге; атаулы - 9329 теңге; докторант - 22564 теңге; аспирант - 17865 теңге; клиникалық ординатор - 16466 теңге және денсаулық сақтау магистранты - 16466 теңге.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын 1 білім алушының қысқы және жазғы каникул кезінде жол жүруіне ақшалай өтемақы төлеу 4 АЕК. С.Ж. Аспендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетін, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясын, Семей мемлекеттік медицина академиясын, Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясын, Қарағанды мемлекеттік медицина академиясын, Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институтын; Қазақ мемлекеттік медицина академиясын күрделі жөндеу. Уақтылылығы: жоғары медициналық және фармацевтикалық білімді денсаулық сақтау



саласының білікті мамандарының күтілетін бітірушілер саны кемінде 860 адам, запастағы офицерлер кемінде 585, ғылыми кадрлар мен жоғары білімнен кейінгі кәсіптік білімі бар мамандар кемінде 175 адам, оның ішінде докторанттар кемінде 29, аспиранттар кемінде 58, клиникалық ординаторлар кемінде 88. Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясы мен Семей мемлекеттік медицина академиясының жанындағы оқу-клиникалық орталықтары үшін алынатын медициналық жабдықтың бір бірлігінің орташа құны 3 9 1 0 6 1 4 т е ң г е .

Сапа: ЖОО-ны үздік бітірген жоғары кәсіптік білімді бітірушілердің күтілетін үлесі бітірушілердің жалпы санының 14,5 пайызы.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2005 жылғы 13 желтоқсандағы  
N 12 қаулысына

268-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі  
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**

**"Облыстық бюджеттерге, Астана қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерін салуға және қайта жаңартуға берілетін**

**нысаналы даму трансферттері"**

**деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның**

**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 11145997 мың теңге (он бір миллиард бір жүз қырық бес миллион тоғыз жүз тоқсан жеті мың теңге).

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен .**

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі

№ 1438 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында халықты туберкулезден қорғаудың кезек күттірмейтін шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 қыркүйектегі № 839 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 тамыздағы № 838 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы № 1050 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері :** республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты :** халыққа медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін қамтамасыз ету .

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :** денсаулық сақтау объектілерін салу және қайта жаңартуды жүзеге асыру үшін жергілікті бюджеттерді қаржылық қолдау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	005		Облыстық бюджеттерге, Астана қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерін салуға және қайта жаңартуға берілетін нысаналы даму трансферттері	"2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы № 1289 қаулысына 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша және сомалар шегінде облыстық бюджеттерге, Астана қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерін салуға және қайта жаңартуға нысаналы даму трансферттерін аудару	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігі

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :** Тікелей нәтиже: заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткен және бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес денсаулық сақтау объектілерін салу және қайта жаңарту жөніндегі жұмыстардың көлемін орындау, сондай-ақ

денсаулық сақтау объектілерін пайдалануға беру.

Түпкілікті нәтиже: халыққа медициналық көмектің қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау объектілерін пайдалануға беру. Уақтылығы: қызметтерді ұсынушылармен жасалған шарттарға сәйкес құрылыс және қайта жанарту бойынша жұмыс көлемдерін атқару.

Қаржы-экономикалық нәтижесі мен сапасы жергілікті бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көрсетіледі.

Е с к е р т у :

"2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 қаулысына 2-қосымшаға сәйкес Инвестициялық жобалардың тізбесі, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес бекітілген іс-шаралар, трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер жергілікті бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 13 желтоқсандағы

N 12 қаулысына

269-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

## 2006 жылға арналған

### "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны : 1855046 мың теңге (бір миллиард сегіз жүз елу бес миллион қырық алты мың теңге) .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 5 қазандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы N 111-І Заңының 13, 17, 19, 42-баптары ; "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының

2002 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы ; "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 ақпандағы N 126 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері :** республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты :** халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету .

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :** халықтың жұқпалы, паразиттік және кәсіби, соның ішінде аса қауіпті жұқпалы аурулары пайда болуының, таралуының алдын алу және азайту; шекараны жұқпалы және аса қауіпті аурулардың әкелінуі мен таралуынан қорғау; АҚТҚ инфекциясының алдын алу және оның таралу қарқынын бәсеңдету .

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	006		Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы			
2		100	Эпидемиялардың алдын алу	Табиғи ошақтар мен басқа да эпидемиялық өңірлерде індетке қарсы және алдын алу іс-шараларын жүргізу. Індетке қарсы және алдын алу іс-шараларын жүргізуге жіберілген медициналық және басқа да қызметкерлердің іссапар шығыстарына ақы төлеу. Алдын алу және індетке қарсы іс-шараларды жүргізу үшін дезинфекциялаушы құралдарды сатып алу және аса қауіпті және	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

			басқа да жұқпалы аурулардың ошақтарына жеткізу.		министрлігі
3	101	Атырау, Арал теңізі, Ақтөбе, Орал, Талдықорған, Маңғыстау, Шымкент, Қызылорда, Жамбыл, Шалқар тырысқаққа қарсы станциялары	Карантиндік және аса қауіпті жұқпаларды орнықтыру, таралуын болдырмау жөніндегі індетке қарсы алдын алу іс-шараларын өткізу. Бекітілген жобалау-сметалық құжаттама мен мемсараптаманың қорытындысына сәйкес Атырау, Қызылорда, Маңғыстау, Орал, және Шымкент обаға қарсы күрес станцияларын күрделі жөндеу. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген Тізбеге сәйкес медициналық (диагностикалық және зертханалық) және медициналық емес жабдықты, автокөлікті сатып алу.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Атырау, Арал теңізі, Ақтөбе, Орал, Талдықорған, Маңғыстау, Шымкент, Қызылорда, Жамбыл, Шалқар обаға қарсы күрес станциялары
4	102	Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясы	Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мекемелеріне санитарлық-эпидемиологиялық және әлеуметтік гигиеналық мониторингті іске асыру, ұйымдастыру-әдістемелік және практикалық көмек көрсету. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген Тізбеге сәйкес медициналық (диагностикалық және зертханалық) және медициналық емес	жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық стан-

			жабдықты, сатып алу.	автокөлікті	циясы
5	103	Көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманың өңірлік орталықтары	Эпидемиялық объектілердің санитарлық-гигиеналық жағдайын жөніндегі өткізу, бақылаудағы объектілерге санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу.	маңызды іс-шараларды көліктегі сараптама Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген Тізбеге сәйкес медициналық (диагностикалық зертханалық) және және	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Оңтүстік-Шығыс өңірлік әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы, Оңтүстік-Шығыс өңірлік темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы, Бас көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама

			<p>медициналық емес жабдықты, автокөлікті сатып алу.</p>		<p>орта-лығы, Батыс өңірлік темір жол көлігіндегі санитар-лық-эпидемиологиялық сараптама орталығы, Солтүстік-Батыс өңірлік әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы</p>
6	104	<p>СПИД-тың алдын алу және оған қарсы күрес жүргізу жөніндегі республикалық орталық</p>	<p>АҚТҚ-жұқпасына эпидемиологиялық қадағалауды іске асыру. Бекітілген жобалау-сметалық құжаттама мен мемсараптаманың қорытындысына сәйкес ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталығын күрделі жөндеуді жүргізу. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген Тізбеге сәйкес медициналық (диагностикалық және зертханалық) жабдықты сатып алу.</p>	<p>жыл бойы</p>	<p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталығы</p>

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: індетке қарсы және алдын алу іс-шараларын ұйымдастыру мен жүргізу үшін табиғи ошақтар мен басқа да эпидемиялық өңірлерге кемінде 30 баруды жүзеге асыру, обаға қарсы күрес станцияларын аса қауіпті және басқа да жұқпалы аурулардың ошақтарында алдын алу және індетке қарсы іс-шараларды өткізуге арналған дезинфекциялық құралдармен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген Тізбеге сәйкес медициналық (диагностикалық және зертханалық) және медициналық емес жабдықтардың кемінде 732 бірлігін, автокөліктік, соның ішінде обаға қарсы күрес станциялары үшін кемінде 504 бірлігін, олардың ішінде Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес обаға қарсы күрес мекемелерін кезең-кезеңмен жаңартуға кемінде 41 бірлігін; Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станция үшін кемінде 44 бірлігін, көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтары үшін кемінде 180 бірлігін, ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталық үшін кемінде 4 бірлігін сатып алу; 6 мемлекеттік мекемені күрделі жөндеуді жүргізу.

Түпкілікті нәтиже: тіршілік ету ортасының адамға зиянды әсер ету факторларын жоюға немесе азайтуға бағытталған індетке қарсы және алдын алу іс-шаралар кешенін аяқтау, жұқпалы, паразиттік аурулардың, жаппай уланулардың пайда болуы мен таралуын болдырмау және оларды уақтылы оқшаулау.

Қаржы-экономикалық нәтиже: дезинфекциялық препараттар бірлігінің орташа құны - 435,4 теңге, медициналық (диагностикалық және зертханалық) және медициналық емес жабдықтар, автокөліктер бірлігінің орташа құны - 415,7 мың теңге.

Уақтылығы: бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес, жабдықты жеткізуге жасалған шарттарға сай санитарлық індетке қарсы (алдын алу) іс-шараларын орындау.

Сапа: халықтың жұқпалы, паразиттік және кәсіби ауруларын азайту есебінен елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту; көліктегі індеттік мәні бар объектілердің санитарлық-гигиеналық жай-күйін жақсарту; жұқпалы аурулар диагностикасының уақтылығы мен сапасын арттыру, халықтың АҚТҚ/ЖҚТБ туралы хабардар болу деңгейін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 13 желтоқсандағы

№ 12 қаулысына

270-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі





N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	007		Республикалық денсаулық сақтау ұйымдары үшін қанды, оның компоненттерін және препараттарын өндіру	Қан, оның компоненттерін дайындауға тестілеу мен сақтауға; қанның сирек тобы мен препараттарды ұзақ мерзімді сақтауға, қан компоненттерін өңдеуге; қан препараттарын өндіруге; өндірілетін өнімнің номенклатурасын, көлемін кеңейту және оның сапасын стандарттарға сәйкес келтіру жөніндегі арнайы іс-шараларды жүргізуге; қан плазмасын карантиндеу жүргізуге, қанның лейкофилтрленген компоненттерін шығаруға байланысты қызметтерге төлеу. Қан өнімдерінің жұмылдырылған резервінің көлемін жаңарту және толықтыру жөніндегі арнайы іс-шараларды өткізу. Жобалық-сметалық құжаттамалар мен Мемсараптаманың қорытындысына сәйкес "Республикалық қан орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратын күрделі жөндеуден өткізуге күрделі трансферттер аудару.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

### 7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тікелей нәтиже: дайындалатын және өңделетін қанның болжамданған орташа жылдық мөлшері 20500 литр, жобалық-сметалық құжаттамалар мен мемсараптаманың қорытындысына сәйкес Алматы қаласындағы "Республикалық қан орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу.



N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	008		Арнайы медицина резервін сақтау	Жұмылдыру резервінің мүліктерін сақтау, жинақтау, жаңарту және ауыстыру. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бекітілген Тізбеге сәйкес автокөлік алу.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Республикалық арнаулы медициналық қамтамасыз ету орталығы

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: жұмылдыру резервінің мүліктерін сақтау, жинақтау, жаңарту және ауыстыру, кемінде 2 бірлік автокөлік алу.

Түпкілікті нәтиже: Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау органдары мен мекемелерінің жұмылдыру дайындығын көтеру.

Қаржы-экономикалық нәтижесі: бір қызметкерді ұстауға жұмсалатын орташа шығын - 411,6 мың теңге, сатып алынатын бір автокөлікті орташа сатып алу құны - 1217 мың теңге.

Уақтылығы: жұмылдыру тапсырмасына сәйкес.

Сапа: арнайы медициналық қамтамасыз етудің жұмылдыру резервін 100 пайыз дайындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 13 желтоқсандағы

№ 12 қаулысына

272-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**

**"Денсаулық сақтау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер"**

## деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

**1. Құны :** 1975267 мың теңге (бір миллиард тоғыз жүз жетпіс бес миллион екі жүз алпыс жеті мың теңге) .

